| Тіркеу № 759 | Регистрационный № 759 |
|---|---|
| **«Bereke Bank» АҚ-да (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) жеке сейф (ұяшықтар) жалдау талаптары**<br>(заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустер, адвокаттар және жеке сот орындаушылары үшін) | **Условия аренды индивидуального сейфа (ячейки) в АО «Bereke Bank» (ДБ Lesha Bank LLC (Public))**<br>(для юридических лиц, индивидуальных предпринимателей, частных нотариусов, адвокатов и частных судебных исполнителей) |
| **1. Жалпы ережелер**<br>1.1. Осы «Bereke Bank» АҚ-да (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) жеке сейф (ұяшықтар) жалдау талаптары (заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустер, адвокаттар және жеке сот орындаушылары үшін) (бұдан әрі – «Сейфті жалдау талаптары»), сонымен қатар, Клиенттің қолы қойылған және «Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) (бұдан әрі – «Банк») акцепттеген Сейфті жалға беру туралы шарт жалпы алғанда Жеке сейфті жалдау шарты (бұдан әрі – «Сейфті жалдау шарты») болып табылады. | **1. Общие положения**<br>1.1. Настоящие Условия аренды индивидуального сейфа (ячейки) в АО «Bereke Bank» (ДБ Lesha Bank LLC (Public)) (для юридических лиц, индивидуальных предпринимателей, частных нотариусов, адвокатов и частных судебных исполнителей) (далее – «Условия аренды сейфа»), а также подписанный Клиентом и акцептованный АО «Bereke Bank» (ДБ Lesha Bank LLC (Public)) (далее – «Банк») Договор о предоставлении сейфа в аренду в совокупности являются Договором аренды индивидуального сейфа (далее – «Договор аренды сейфа»). |
| 1.2. Банкте Қазақстан Республикасының қолданыстағы процедуралары мен нормаларына сәйкес Банк пен Клиенттің арасындағы өтеулі, мерзімді және ақылы талаптармен сейфті (ұяшықтарды) жалдау бойынша құқықтық қарым-қатынастар Сейфті жалдау шартының мәні болып табылады. | 1.2. Предметом Договора аренды сейфа являются правоотношения между Банком и Клиентом по аренде сейфа (ячейки) на условиях возмездности, срочности и платности в соответствии с действующими в Банке процедурами и нормами действующего законодательства Республики Казахстан. |
| 1.3. Банк пен Клиенттің арасында Сейфті жалдау шартының жасалуы Клиенттің Сейфті жалға беру туралы шартқа қол қоюы, Банкке берілуі арқылы Сейфті жалдау талаптарына қосып және Сейфті жалға беру туралы шартты Банктің одан әрі акцепттеуі бойынша жүзеге асырылады. Сейфті жалға беру туралы шарт Сейфті жалдау талаптарының №1 қосымшасында белгіленген нысан бойынша, Клиенттің осы нысанда қарастырылған тиісті талаптарды, Клиент және/немесе оның кәсіпкерлік қызметі туралы мәліметтер мен ақпаратты толтыруы арқылы ресімделеді. | 1.3. Заключение Договора аренды сейфа между Банком и Клиентом осуществляется присоединением к Условиям аренды сейфа путем подписания Клиентом Договора о предоставлении сейфа в аренду, передачи Банку и последующим акцептованием Банком Договора о предоставлении сейфа в аренду. Договор о предоставлении сейфа в аренду оформляется по форме, установленной в Приложении №1 к настоящим Условиям аренды сейфа, с заполнением Клиентом соответствующих условий, сведений и информации о Клиенте и/или его предпринимательской деятельности, предусмотренных такой формой. |
| 1.4. Клиент Сейфті жалға беру туралы шарттың 2 (екі) данасын: біреуін Банк үшін, екіншісін Клиент үшін толтырады және қолын қояды. Сейфті жалға беру туралы шарттың екі данасын Банк одан әрі акцепттеу үшін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған негіздемелер бойынша бас тарту үшін қабылдайды. Банктің Клиенттен Сейфті жалға беру туралы шарттың даналарын қабылдауы Сейфті жалға беру шартын акцепттеуге жатпайды. | 1.4. Договор о предоставлении сейфа в аренду заполняется и подписывается Клиентом в 2 (двух) экземплярах: один для Банка, второй для Клиента. Оба экземпляра Договора о предоставлении сейфа в аренду принимаются Банком для последующего акцептования или отказа по основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Банка. Принятие Банком от Клиента экземпляров Договора о предоставлении сейфа в аренду не является акцептом Договора о предоставлении сейфа в аренду. |
| 1.5. Банк Сейфті жалға беру туралы шарттағы акцепттеуді Клиенттен тиісті құжаттарды Банк алған жағдайда және Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банк талаптарына сәйкес сейфті беруден бас тартуға негіздемесі болмаған кезде жүргізеді. Банктің Сейфті жалға беру туралы шартты акцепттеуі немесе одан бас тартуы Клиенттен Сейфті жалға беру туралы шарт және/немесе тиісті құжаттар қабылданған, көрсетілген жағдайлардың қайсысы кейінірек түсуіне қарай, Операциялық күннен кейінгі Операциялық күннен кешіктірілмей жүргізіледі. | 1.5. Акцепт на Договоре о предоставлении сейфа в аренду совершается Банком при условии получения Банком соответствующих документов от Клиента, и при отсутствии у Банка оснований для отказа Клиенту в предоставлении сейфа в соответствии с требованиями Банка и законодательства Республики Казахстан. Акцепт Банком Договора о предоставлении сейфа в аренду или отказ в нем совершается Банком не позднее Операционного дня, следующего за Операционным днем приема от Клиента Договора о предоставлении сейфа в аренду и/или соответствующих документов, в зависимости от того какое из указанных событий наступит позже. |
| 1.6. Сейфті жалға беру туралы шарттағы акцепттеу, сондай-ақ Сейфті жалдау шартын жасау Банктің уәкілетті тұлғасының тиісті жазбасымен және қолын қою арқылы жүзеге асырылады. | 1.6. Акцепт на Договоре о предоставлении сейфа в аренду, а равно заключение Договора аренды сейфа, осуществляется путем совершения соответствующей надписи и подписания уполномоченным лицом Банка. |
| 1.7. Осы Сейфті жалдау талаптары бойынша клиенттер – Қазақстан Республикасының резиденті немесе бейрезиденті болып табылатын заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелген жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустер, адвокаттар және жеке сот орындаушылары. | 1.7. Клиентами по настоящим Условиям аренды сейфа могут быть юридические лица, являющиеся резидентами или нерезидентам Республики Казахстан, индивидуальные предприниматели, частные нотариусы, адвокаты и частные судебные исполнители, зарегистрированные в уполномоченных органах Республики Казахстан в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан. |
| 1.8. Сейф Банк ғимаратының арнайы жабдықталған күзет жүргізілетін жайында – сейфтік немесе автоматтандырылған Депозитарийде (бұдан әрі – «Депозитарий») орналасқан. | 1.8. Сейф находится в здании Банка в специально оборудованном охраняемом помещении – сейфовом или автоматическом Депозитарии (далее – «Депозитарий»). |
| 1.9. Клиент сейфті Сейфті жалдау шартында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банктің қатысуынсыз өз бетінше толтырады. Банк Сейфті жалдау шартында қарастырылған жағдайларда, яғни Клиенттің Сейфті жалдау шартының | 1.9. Заполнение сейфа производится Клиентом самостоятельно без участия Банка, кроме случаев, предусмотренных Договором аренды |

| | |
|---|---|
| талаптарына бұзуына жол бермеу мақсатында, сейфке кіруге шектеу қоюға құқылы. | сейфа. Банк вправе ограничить Клиенту доступ к сейфу в случаях, предусмотренных Договором аренды сейфа, в т.ч. в целях предотвращения нарушения Клиентом условий Договора аренды сейфа. |
| 1.10. Клиент Банкке Сейфті жалға беру туралы шартпен қоса қол қою үлгісі мен мөрдің таңбасы бар құжатты, сонымен қатар, жалға алынған сейфке кіруге рұқсаты бар тиісті тұлғалардың тиісті өкілеттігін растаушы құжаттарды ұсынады. Осындай тұлғалардың өкілеттігін растайтын құжаттар және қол қою үлгісі мен мөрдің таңбасы бар құжат Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен Банктің талаптарына сәйкес ресімделуі тиіс. | 1.10. Вместе с Договором о предоставлении сейфа в аренду Клиент представляет в Банк документ с образцами подписей и оттиском печати, а также документы, подтверждающие соответствующие полномочия лиц, которым разрешает доступ к арендуемому сейфу. Документы, подтверждающие полномочия таких лиц, и документ с образцами их подписей и оттиском печати должны быть оформлены в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и требованиями Банка. |
| **2. Сейфті жалдау мерзімі, жалдау төлемі, кепілдік жарна** | **2. Срок аренды сейфа, арендная плата, гарантийный взнос** |
| 2.1. Сейфті жалдау мерзімі мен сейфті жалдау құны Банк акцепттеген Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетіледі. | 2.1. Срок аренды сейфа и стоимость аренды сейфа указываются в акцептованном Банком Договоре о предоставления сейфа в аренду. |
| 2.2. Сейфті жалдау құны Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетілген, сейф жалға берілетін барлық мерзімде Банктің тиісті тарифтерін қолдана отырып анықталады. | 2.2. Стоимость аренды сейфа определяется с применением соответствующих Тарифов Банка ко всему сроку аренды сейфа, указанному в Договоре о предоставлении сейфа в аренду. |
| 2.3. Клиент Банкке Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетілген мөлшерде Кепілдік жарна енгізуге міндетті. | 2.3. Клиент обязан внести Банку Гарантийный взнос в размере, указанном в Договоре о предоставлении сейфа в аренду. |
| 2.4. Клиент сейфті жалдау құнының төлемін және Кепілдік жарнаны Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетілген Банктің шотына Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетілген сейфті жалдау мерзімі басталар күннен кешіктірмей қолма-қол ақшасыз аудару арқылы немесе Банктің кассасына қолма-қол ақша төлеу арқылы жүргізуі тиіс. | 2.4. Оплата стоимости аренды сейфа и Гарантийного взноса должна быть произведена Клиентом путем безналичного перечисления денег на счет Банка, указанный в Договоре о предоставлении сейфа в аренду, или путем внесения наличных денег в кассу Банка, не позднее начала срока аренды сейфа, указанного в Договоре о предоставлении сейфа в аренду. |
| 2.5. Егер Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетілген сейфті жалдау мерзімі өтіп кетсе, Клиент сейфті босатпаса және Банкке сейфтің кілтін/карта-кілтін тапсырмаса, онда Клиент Банк алдындағы берешегін Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес есептелген, бүкіл нақты жалданған мерзімі үшін сейфті жалдау құнының төленбеген бөлігі, өсімпұл және/немесе Банктің Сейфті жалдау шарты бойынша міндеттемелерді Клиенттің осылай орындамауы немесе тиісті орындамауы үшін қолданған басқа жауапкершілік шаралары түрінде өтеуге міндетті. | 2.5. Если по истечению срока аренды сейфа, указанного в Договоре о предоставлении сейфа в аренду, Клиент не освободил сейф и не передал Банку ключ/карту-ключ от сейфа, то Клиент обязан погасить задолженность перед Банком в виде неоплаченной части стоимости аренды сейфа за весь фактический срок аренды, рассчитанной в соответствии с действующими Тарифами Банка, пеней и/или иных мер ответственности, примененных Банком за указанное неисполнение или ненадлежащее исполнение Клиентом обязательств по Договору аренды сейфа. |
| 2.6. Клиент сейфті мерзімінен бұрын босатқан және/немесе Сейфті жалдау шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Банк Клиенттің төлеген сейфті жалдау құнын Клиентке қайтармайды. | 2.6. В случае досрочного освобождения сейфа Клиентом и/или досрочного расторжения Договора аренды сейфа, оплаченная Клиентом стоимость аренды сейфа не возвращается Банком Клиенту. |
| 2.7. Клиент Сейфті жалдау шартында қарастырылған міндеттемелерді тиісті орындаған кезде, Сейфті жалдау шарты мерзімінен бұрын бұзылған және/немесе тоқтатылған жағдайда, Банк Клиенттің тиісті өтінішін ала отырып, егер басқасы Сейфті жалдау шартында қарастырылмаса, Кепілдік жарна сомасын Клиентке қайтарады. Клиент Банктен Кепілдік жарна сомасын сейфті жалдау мерзімі ішінде және Сейфті жалдау шартында қарастырылмаған негіздемелер мен жағдайлар бойынша талап етуге құқығы жоқ. | 2.7. При условии надлежащего исполнения Клиентом обязательств, предусмотренных Договором аренды сейфа, в случае досрочного расторжения и/или прекращения Договора аренды сейфа, Банк возвращает Клиенту сумму Гарантийного взноса, получив соответствующее заявление от Клиента, если иное не предусмотрено Договором аренды сейфа. Клиент не вправе требовать от Банка сумму Гарантийного взноса в течение всего срока аренды сейфа и по основаниям и случаям, не предусмотренным Договором аренды сейфа. |
| 2.8. Сейфті жалдау мерзімі Банктің және Клиенттің жазбаша келісімімен, Клиент Банктің тарифтеріне сәйкес ұзартылған жалдау мерзімі үшін қосымша тиісті төлем жасаған кезде, Сейфті жалға беру туралы шартқа тиісті Қосымша келісім жасау арқылы ұзартылуы мүмкін. | 2.8. Срок аренды сейфа может быть продлен по письменному соглашению Банка и Клиента, путем заключения соответствующего Дополнительного соглашения к Договору о предоставлении сейфа в аренду, при условии соответствующей дополнительной оплаты Клиентом за продленный срок аренды согласно тарифов Банка. |
| 2.9. Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетілген сейфті жалдау мерзімінің соңында Банк Клиентке сейфті жалдау мерзімінің аяқталуы және Клиенттің сейфті босатуы немесе сейфті жалдау мерзімін ұзарту қажеттілігі туралы хабар беруге құқылы. | 2.9. К окончанию срока аренды сейфа, указанного в Договоре о предоставлении сейфа в аренду, Банк вправе уведомить Клиента об окончании срока аренды сейфа и обязанности Клиента освободить сейф либо о необходимости продления срока аренды сейфа. |
| **3. Сейфті ашу және жабу тәртібі** | **3. Порядок открытия и закрытия сейфа** |
| 3.1. Сейф Депозитарийіндегі сейфтің механикалық екі кілтті құлпы бар. Құлып екі түрлі кілттермен: Банкт кілтімен және Клиенттің кілтімен ашылады. Клиент сейфті Банк Депозитарийі қызметкерінің қатысуымен ғана бірлесе отырып аша алады. Сейф Клиенттің кілтімен жабылады. Сейфтің дұрыс жабылуына Клиент жауап береді. | 3.1. Сейф в сейфовом Депозитарии имеет двойной механический ключевой замок. Замок открывается двумя различными ключами: ключом Банка и ключом Клиента. Клиент может открыть сейф только совместно с работником Депозитария Банка. Закрытие сейфа производится ключом Клиента. За правильность закрытия сейфа ответственность несет Клиент. |
| Автоматтандырылған Депозитарийдегі сейфтің автоматты электронды құлпы бар. Сейфтің құлпын Клиент карта-кілтпен өзі ашады. | Сейф в автоматическом Депозитарии имеет автоматический электронный замок. Замок сейфа открывается самостоятельно Клиентом картой-ключом. |

| | |
|---|---|
| 3.2. Сейфті жалдау шарты жасалған соң Клиентке сейфтің карта-кілті беріледі. Клиент кілтті алған сәтте Банк қызметкерімен бірлесе отырып, сейфті ашу және жабу үшін кілттің/карта-кілттің жұмысқа жарамдығын тексеруі тиіс. Сейфтің және оның кілті/карта-кілтінің жұмыс істеуі бойынша қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда, Клиент Банк Депозитарийінің тиісті қызметкерімен хабарласуға міндетті. | 3.2. После заключения Договора аренды сейфа Клиенту выдается ключ/карта-ключ от сейфа. В момент получения ключа Клиент совместно с работником Банка должен проверить работоспособность ключа/карты-ключа на открытие и закрытие сейфа. В случае возникновения каких-либо вопросов по функционалу сейфа и ключа/карты-ключа от него, Клиент обязан обратиться к соответствующему работнику Депозитария Банка. |
| 3.3. Операциялық күндері Клиенттің сол операциялық күні бойы кіруіне рұқсат етіледі. Клиент Депозитарийге сейфке кіру мақсатында келген кезде Клиент Банк Депозитарийі қызметкеріне жеке басын куландыратын құжатты ұсынуға міндетті. | 3.3. Для Клиента доступ к сейфу открыт в операционные дни Банка на протяжении всего операционного дня. При посещении Клиентом Депозитария с целью допуска к сейфу, Клиент обязан предъявить работнику Депозитария Банка документ, удостоверяющий личность. |
| 3.4. Егер Клиенттің атынан сенімді тұлға әрекет етсе, онда осы сенімді тұлға Банк Депозитарийінің тиісті қызметкеріне сейфтің кілті/карта-кілтін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген Клиенттің сенімхатын, жеке басын куландыратын құжатты ұсынуға міндетті. | 3.4. В случае, если от имени Клиента действует доверенное лицо, то данное доверенное лицо обязано предъявить соответствующему работнику Депозитария Банка ключ/карту-ключ от сейфа, доверенность от Клиента, оформленную в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан, и документ, удостоверяющий личность. |
| 3.5. Клиенттің немесе оның сенімді тұлғасының Депозитарийге әрбір келуін Банк Депозитарийінің қызметкері жеке сейфті пайдалану құқығын беретін карточкаға белгілеп отырады. | 3.5. Каждое посещение Клиентом или его доверенным лицом Депозитария отмечается работником Депозитария Банка в карточке на право пользования индивидуальным сейфом. |
| 3.6. Сейфтің кілті жоғалған немесе басқаша жоғалтып алған жағдайда, Клиент бұл жөнінде Банкке тез арада (егер кілт жұмыс емес күнінен кейінгі Банктің операциялық күні бойы немесе операциялық күннің бірінші сағатында анықталған кезде, жоғалғаны анықталған сәттен бастап 1 (бір) сағаттан кешіктірмей) хабарлауға міндетті. Клиент уақытында хабарламаған жағдайда, Банк сейфке рұқсатсыз кіргені үшін жауап бермейді. | 3.6. При утере или иной утрате ключа от сейфа Клиент обязан незамедлительно (не позднее 1 (одного) часа с момента обнаружения утраты, если утрата была обнаружена в течение операционного дня Банка или в первый час операционного дня Банка, следующего за нерабочим днем) письменно уведомить об этом Банк. В случае несвоевременного уведомления Клиентом, Банк не несет ответственность за предоставление несанкционированного доступа к сейфу. |
| 3.7. Банк Клиенттен кілттің/карта-кілттің жоғалғаны туралы хабар алған жағдайда, Банк сейфті Клиенттің қатысуымен ашады, Клиент ұяшықты алады, содан кейін сейфтің құлпы Кепілдік жарна есебінен ауыстырылады. Егер Клиент ауыстырылған құлпы бар сейфті жалға алуды жалғастыра берсе, онда Клиент сейфтің құлпы ауыстырылған күні Кепілдік жарнаны Банкке қайтадан төлеуге міндетті. Клиент Кепілдік жарнасын төлемеген жағдайда, Банк Сейфті жалдау шартын бір жақты тәртіпте мерзімінен бұрын бұзды деп есептелінеді, тиісінше, Банк Клиентке сейфтің кілті/карта-кілтін бермеуге құқылы, ал Клиент сейф ұяшығын босатуға міндетті. Банк сейфтің құлпын ауыстыруға байланысты Банктің шығын сомасын Клиентке Кепілдік жарнаны қайтарған кезде ұстап қалады, ал ол жетіспеген жағдайда, Банктің осы ақшалай талабы Сейфті жалдау шартында қарастырылған басқа тәсілдермен қанағаттандырылуы мүмкін. | 3.7. В случае получения Банком от Клиента уведомления об утрате ключа/карты-ключа осуществляется вскрытие сейфа Банком в присутствии Клиента, изъятие Клиентом ящика, после осуществляется замена замка сейфа за счет Гарантийного взноса. В случае если Клиент продолжает арендовать сейф с замененным замком, Клиент обязан заново оплатить Банку Гарантийный взнос в день замены замка сейфа. В случае не оплаты Гарантийного взноса Клиентом, Договор аренды сейфа считается досрочно расторгнутым Банком в одностороннем порядке, соответственно, Банк вправе не передавать Клиенту ключ/карту-ключ от сейфа с замененным замком, а Клиент обязан освободить ящик сейфа от содержимого. Сумма затрат Банка, вызванных заменой замка сейфа, вследствие утраты Клиентом ключа, удерживается Банком при возврате Гарантийного взноса Клиенту, а в случае его недостаточности данное денежное требование Банка может быть удовлетворено иными способами, предусмотренными Договором аренды сейфа. |
| **4. Құқықтар және міндеттер.** | **4. Права и обязанности** |
| **4.1. Клиенттің құқықтары мен міндеттері:** | **4.1. Права и Обязанности Клиента:** |
| 4.1.1. Клиент сейфті Сейфті жалға беру шартында көрсетілген мерзім ішінде Банк Депозитарийінің операциялық жұмыс күндері пайдалануға құқылы. | 4.1.1. Клиент вправе пользоваться сейфом в течение срока аренды, указанного в Договоре о предоставлении сейфа в аренду, в операционные дни работы Депозитария Банка; |
| 4.1.2. Клиент басқа тұлғаға сейфті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген тиісті сенімхат беруі, Клиенттің осы тұлғаға сейфтің кілті/карта-кілтін беруі және осы Сейфті жалдау талаптарының тиісті шарттарын сақтау арқылы пайдалануға өкілеттік беруге құқылы. Сейфтің кілті/карта-кілті жоқ, сондай-ақ, жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат немесе жеке сот орындаушысы болып табылатын Клиент қайтыс болған, ол хабарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған, немесе заңды тұлғалы Клиент таратылған соң сейфке кіру мақсатында Банкке өтініш білдірген жағдайда, Банк сенімді тұлғаның сейфке кіруіне рұқсат етпейді; | 4.1.2. Клиент вправе уполномочить иное лицо на пользование сейфом путем выдачи соответствующей доверенности, оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан, передачей Клиентом данному лицу ключа/карты-ключа от сейфа, и соблюдением соответствующих требований настоящих Условий аренды сейфа. Доверенное лицо, не имеющее ключа/карты-ключа от сейфа, а равно, обратившееся в Банк с целью допуска к сейфу после смерти Клиента, являющегося индивидуальным предпринимателем, частным нотариусом, адвокатом или частным судебным исполнителем, признания его безвестно отсутствующим или объявления умершим, или ликвидации Клиента-юридического лица, не допускается Банком к сейфу; |
| 4.1.3. Клиент сейфтің кілті/карта-кілтінің сақталуын қамтамасыз ету, сейфтің кілті/карта-кілтіне үшінші тұлғалардың рұқсат алуын шектеу бойынша қажетті және жеткілікті барлық шараларды қабылдауға, сонымен қатар, сейфті, сейф ұяшығын немесе сейф-пакетін, кілтті/карта-кілтті олардың бұзылу және бүлінуіне жол бермей, ұқыпты пайдалануға міндетті. Банк Клиенттің сенімді тұлғасына сейфке рұқсат беруіне жауап бермейді, егер осы сенімді тұлға өтініш білдірген кезде жеке | 4.1.3. Клиент обязан предпринимать все необходимые и достаточные меры по обеспечению сохранности ключа/карты-ключа от сейфа, ограничению доступа третьих лиц к ключу/карте-ключу, а также аккуратно пользоваться сейфом, ящиком сейфа или сейф-пакетом, ключом/картой-ключом, не допуская их порчу и утрату. Банк не несет ответственности за предоставление доступа к |

кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат немесе жеке сот орындаушысы болып табылатын Клиенттің қайтыс болғаны, оның хабарсыз кеткен деп танылғаны немесе қайтыс болды деп жарияланғаны туралы мәлімет болмаса, немесе заңды тұлғалы Клиент қайта ұйымдастырылса және/немесе таратылса;

4.1.4. Клиент сейфтің құнын және Кепілдік жарнаны уақытында төлеуге міндетті;

4.1.5. Клиентке сейфті оқпен атылатын, газ және/немесе суық қарулар, жарылғыш және тез жанатын заттарды, улы, радиоактивті, есірткe және психотропты заттарды, сасыған және жылдам иістенетін заттар мен құралдарды, оған қоса адамның денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіретін аэрозольды орамдар, қысымды газ, инфекциялық материалдар мен сұйықтарды, бұзыла бастаған немесе бактериялар мен паразиттердің тарауына ықпал ететін заттар мен азық-түлік, тез бұзылатын кез келген азық-түлік өнімдері мен басқаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналуына тыйым салынған немесе сақтаған кезде сейфтің және/немесе оның бір бөлігінің және/немесе Банктің басқа мүлкінің бүлінуіне әеп соғатын басқа мүлкін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады;

4.1.6. Осы Сейфті жалдау талаптарының 4.1.5т. көрсетілген шарттарының бұзылуына жол бермеу мақсатында, Клиент Банктің Депозитарийі қызметкерінің талап етуі бойынша Клиент сейфті толтырғысы келетін мүлікті арнайы техникалық құралдарды пайдаланып қарау үшін орап байланған түрінде ұсынуға міндетті. Егер осылай қарау нәтижесінде сейфке салуға тыйым салынған құралдар мен заттар анықталған болса, онда Банк Клиентке сейфке рұқсат бермеуге, сондай-ақ Сейфті жалдау шартын бұзуға құқылы.

4.1.7. Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетілген сейфті жалдау мерзімі өткен соң, Сейфті жалдау шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде Клиент сейфті босатуға, сейфті Банктің Депозитарийі қызметкеріне тапсыруға, оған сейфтің кілтін/карта-кілтін сейфті жалдау мерзімі біткен немесе Сейфті жалдау шарты бұзылған күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей тапсыруға міндетті.

4.1.8. Клиент Банкке Клиент жалға алған сейфке берілген рұқсатты Банктің бақылауына мүмкіндік беретін өзі туралы және байланыс және/немесе жеке деректері туралы қажетті және жеткілікті барлық мәліметтер мен ақпаратты беруге, сондай-ақ осы ақпараттың және мәліметтердің өзгерістері туралы тез арада жазбаша хабарлауға міндетті.

сейфу доверенному лицу Клиента, если на момент обращения данного доверенного лица у Банка отсутствовали сведения о смерти Клиента, являющегося индивидуальным предпринимателем, частным нотариусом, адвокатом или частным судебным исполнителем, признании его безвестно отсутствующим или объявлении умершим, или реорганизации и/или ликвидации Клиента-юридического лица;

4.1.4. Клиент обязан своевременно оплачивать стоимость аренды сейфа и Гарантийный взнос;

4.1.5. Клиенту запрещается использовать сейф для хранения огнестрельного, газового и/или холодного оружия, взрывчатых и легковоспламеняющихся веществ, токсичных, радиоактивных, наркотических и психотропных веществ, зловонных и резко пахнущих веществ и предметов, включая в аэрозольных упаковках, сжатых газов, инфекционных материалов и жидкостей, бактериологических и прочих веществ, способных оказать вредное воздействие на организм человека и окружающую среду, веществ и продуктов, подверженных порче или вызывающих распространение бактерий и паразитов, любых продуктов питания и иных скоропортящихся продуктов, веществ и предметов, а равно иного имущества, запрещенного к свободному обращению на территории Республики Казахстан или хранение которых может привести к порче сейфа и/или его частям, и/или иного имущества Банка;

4.1.6. С целью предотвращения нарушения условий, указанных в п. 4.1.5. настоящих Условий аренды сейфа, Клиент обязан по требованию работника Депозитария Банка предъявлять в запакованном виде для осмотра, с использованием специальных технических средств, имущество, которым Клиент желает заполнить сейф. В случае если в результате данного осмотра будут выявлены предметы и вещества, запрещенные к помещению в сейф, Банк вправе отказать Клиенту в доступе к сейфу, а равно расторгнуть Договор аренды сейфа.

4.1.7. По истечении срока аренды, указанного в Договоре о предоставлении сейфа в аренду, при досрочном расторжении Договора аренды сейфа, Клиент обязан освободить сейф от содержимого, сдать сейф работнику Депозитария Банка, передать ему ключ /карту-ключ от сейфа, не позднее операционного дня, следующего за днем окончания срока аренды сейфа или расторжения Договора аренды сейфа.

4.1.8. Клиент обязан предоставить Банку все необходимые и достаточные сведения и информацию о себе и контактных и/или персональных данных, позволяющие Банку осуществлять контроль доступа к сейфу, арендованному Клиентом, и осуществлять связь с Клиентом, а равно незамедлительно письменно уведомлять Банк об изменении данной информации и сведений.

**5.2. Банктің құқықтары және міндеттері:**

5.2.1. Банк тарифтерді, өзекті ақпаратты Банк офистерінің (операциялық залдар) жалпы қолжетімді орындарында, сонымен қатар, Банктің ресми ғаламтор-сайтында орналастырып, бір жақты тәртіпте өзгертуге құқылы.

5.2.2. Банк сейфті жалдау мерзімі ұзартылған кезде қолданыстағы Банктің тарифтеріне сәйкес жалдау төлемі құнының мөлшерін өзгертуге құқылы.

5.2.3. Банк ақшаны Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан Сейфті жалдау шарты бойынша пайда болған Клиенттің берешегін өтеу мақсатында акцептсіз алуға құқылы.

5.2.4. Клиент, оның сенімді тұлғасы, заңды тұлғалы Клиент және жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат және жеке сот орындаушысы болып табылатын Клиенттің құқылы мирасқоры Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетілген сейфті жалдау мерзімі аяқталған соң 6 (алты) ай өткеннен кейін келмеген жағдайда, Банк Клиенттің қандай да бір келісімінсіз Банктің 3 (үш) немесе одан көп қызметкерлерінің қатысуымен ашу актін жасай отырып, сейфті ашуға құқылы.

5.2.5. Бұл ретте Банк Клиентке Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетілген мекенжай бойынша пошта арқылы алдағы уақытта сейф ашылатындығы туралы, ашу себебін және ол жүргізілетін уақытын айтып хабарлайды. Клиент Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетілген мекенжайда болмаған жағдайда, сонымен

**5.2 Права и обязанности Банка:**

5.2.1. Банк вправе в одностороннем порядке изменять тарифы, размещая актуальную информацию в общедоступных местах в офисах (операционных залах) Банка, а также на официальном интернет сайте Банка.

5.2.2. Банк вправе изменить размер стоимости арендной платы при продлении срока аренды сейфа в соответствии с действующими Тарифами Банка.

5.2.3. Банк вправе производить безакцептное изъятие денег с любых банковских счетов Клиента, открытых в Банке.

5.2.4. В случае неявки Клиента, его доверенного лица, правопреемника Клиента - юридического лица, наследника Клиента, являющегося индивидуальным предпринимателем, частным нотариусом, адвокатом или частным судебным исполнителем, по истечению 6 (шести) месяцев после окончания срока аренды сейфа, указанного в Договоре о предоставлении сейфа в аренду, Банк имеет право без какого-либо согласия Клиента вскрыть сейф в присутствии 3 (трех) или более работников Банка с составлением акта вскрытия;

5.2.5. При этом Банк по почте по адресу, указанному в Договоре о предоставлении сейфа в аренду, уведомляет Клиента о предстоящем вскрытии сейфа, причинах такого вскрытия и времени его совершения. Отсутствие Клиента по адресу, указанному в Договоре о предоставлении сейфа в аренду, а также

| | |
|---|---|
| қатар, ашу туралы хабарда көрсетілген мерзімде сейф орналасқан Депозитарийге келмеген жағдайда, бұл жағдай Банктің сейфті ашуын кейінге қалдыруға негіздеме болмайды. Сейф ашылған соң Банк өзінің қалауымен, сейф ұяшығын ішіндегісімен алуға және ашып қарауға және Клиент, оның сенімді тұлғасы немесе мирасқоры немесе құқылы мұрагері жазбаша өтініш білдірген сәтке дейін Банктің қоймасына тапсыруға және/немесе Сейфті жалға беру туралы шартта көрсетілген сейфті жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл өткен соң ішіндегісін өзінің қалауымен, оның ішінде соттан тыс үшінші тұлғалардың пайдасына жұмсауға немесе өзінің меншігіне айналдыруға құқылы. Клиент, оның сенімді тұлғасы немесе мирасқоры, құқылы мұрагері осы 5 (бес) жылдың ішінде Клиенттің сейфке салғандарын алу мақсатында өтініш білдіруге құқылы. Сейф ішіндегісін Банк көрсетілген тиісті тұлғаға, осы тұлғаның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, осы Сейфті жалдау талаптарының нормаларына сәйкес оны алуға тиісті құқығы расталған және осы тұлға Сейфті жалдау шарты бойынша Банк алдында пайда болған берешекті өтеген жағдайда ғана тапсырады.<br>5.2.6. Банк сейфті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті түрде ресімделген және ұсынған талабы бойынша Клиенттің қатысуынсыз ашуға құқылы. | неявка в срок, указанный в уведомлении о вскрытии, в Депозитарий, в котором находится сейф, не является основанием для переноса Банком вскрытия сейфа. После вскрытия сейфа, Банк вправе по своему усмотрению изъять и опечатать ящик сейфа с содержимым и передать его в хранилище Банка до момента письменного обращения Клиента, его доверенного лица или наследника или правопреемника и/или по истечению 5 (пяти) лет после окончания срока аренды, указанного в Договоре о предоставлении сейфа в аренду, распорядиться содержимым по своему усмотрению, в т.ч. путем внесудебной реализации в пользу третьих лиц или обращения в свою собственность. В течении данных 5 (пяти) лет Клиент, его доверенное лицо или наследник, правопреемник вправе обратиться в Банк с целью получения содержимого сейфа, помещенного Клиентом. Содержимое передается Банком соответствующему указанному лицу, только при условии подтверждения данным лицом соответствующих прав на его получение в соответствии с нормами действующего законодательства Республики Казахстан, настоящих Условий аренды сейфа и погашения данным лицом задолженности, возникшей перед Банком по Договору аренды сейфа.<br>5.2.6. Банк вправе вскрыть сейф в отсутствии Клиента по надлежащим образом оформленному и предъявленному требованию уполномоченных государственных органов в случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан. |
| **6. Жауапкершілік**<br>6.1. Банк пен Клиент Сейфті жалдау шарты бойынша міндеттемелер орындалмағаны немесе тиісті түрде орындалмағаны үшін Сейфті жалдау шарты мен Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларына сәйкес жауап береді.<br>6.2. Клиент Сейфті жалдау шарты бойынша міндеттемелерді бұзған, ол Банкке зиян келтірген жағдайда, Клиент осы зиянның, оның ішінде Кепілдік жарна есебінен және Банктің зиянның орнын толтыру туралы тиісті талабында қарастырылған мерзімде және тәртіпте, толық орнын толтыруға міндетті.<br>6.3. Клиент осы Сейфті жалдау талаптарының 4.1.7т.ш. қарастырылып белгіленген міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіргені үшін, Банк Клиенттен мерзімі кешіктірілген әр күн үшін Банк тарифтерінде белгіленген мөлшерде өсімақы төлеуін талап етуге, сондай-ақ осы ақшалай талапты Кепілдік жарна сомасынан қанағаттандыруға, ал осы ақшалай талаптың қалған бөлігін Сейфті жалдау шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасы нормасында қарастырылған басқа да тәсілдермен қанағаттандыруға құқылы.<br>6.4. Банк Сейфті жалдау шартында қарастырылған жағдайларда ғана және нақты шығын шегінде ғана жауап береді, соның салдарынан Банк Клиентке қандай да бір жіберіп алған пайданың орнын толтыруға міндетті емес.<br>6.5. сейфке үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруі салдарынан болған зиян үшін жауапкершілік Клиентке немесе Банкке осылай рұқсатсыз кіру қай тараптың жағынан болуына қарай жүктеледі.<br>6.6. Банк және Клиент Сейфті жалдау шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, егер осы құбылыс Банк пен Клиент жатқызған өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, басқа табиғи апатттар, соғыс, терроризм, көтеріліс, жарылыстар, Internet пен үшінші тұлғалардың Банк пен Клиент кінәлі болмай заңсыз әрекеттерін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы құзыретті мемлекеттік органдарының өкімдерін қоса алғанда, электрмен жабдықтау, байланыстың тұрып қалуы салдарынан, бағынбайтын күш салдарынан болған кезде жауап бермейді.<br>6.7. Банк Сейфті жалдау шартын, егер Клиент сейфті осы Сейфті жалдау талаптарының 4.1.5т. көрсетілген талаптарды бұза отырып пайдаланса, мерзімінен бұрын бір жақты тәртіпті бұзуға құқылы. | **6. Ответственность**<br>6.1. За неисполнение или ненадлежащее исполнение обязательств по Договору аренды сейфа Банк и Клиент несут ответственность, предусмотренную Договором аренды сейфа и нормами законодательства Республики Казахстан.<br>6.2. В случае нарушения Клиентом обязательств по Договору аренды сейфа, повлекших нанесение ущерба Банку, Клиент обязан полностью возместить данный ущерб, в т.ч. за счет Гарантийного взноса, а в части не покрытой Гарантийным взносом, в сроки и порядке, предусмотренные соответствующим требованием Банка о возмещении ущерба.<br>6.3. За просрочку Клиентом исполнения установленных обязательств, предусмотренных пп. 4.1.7. настоящих Условий аренды сейфа, Банк вправе потребовать от Клиента оплаты пени в размере, установленном тарифами Банка, за каждый календарный день просрочки, а равно удовлетворить данные денежные требования из суммы Гарантийного взноса, а в оставшейся части данных денежных требований, удовлетворить иными способами, предусмотренными Договором аренды сейфа и нормами законодательства Республики Казахстан.<br>6.4. Банк несет ответственность только в случаях, предусмотренных Договором аренды сейфа, и только в рамках реального ущерб, вследствие чего Банк не обязан возмещать Клиенту какую-либо упущенную выгоду.<br>6.5. Ответственность за ущерб, возникший вследствие несанкционированного доступа третьих лиц к сейфу, возлагается на Клиента или Банк, в зависимости от того, на чьей стороне был допущен такой несанкционированный доступ.<br>6.6. Банк и Клиент освобождаются от ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязательств по Договору аренды сейфа, если данное явилось следствием непосредственного действия обстоятельств непреодолимой силы, к которым Банк и Клиент относят пожар, наводнение, землетрясения, иные стихийные бедствия, война, терроризм, забастовки, пожары, взрывы, перебои или прекращение электроснабжения, связи, включая Internet, неправомерные действия третьих лиц при отсутствии вины Банка или Клиента, а также распоряжений компетентных государственных органов Республики Казахстан.<br>6.7. Банк вправе в одностороннем порядке досрочно расторгнуть Договор аренды сейфа, если Клиент использовал сейф с нарушением требований, указанных в п. 4.1.5. настоящих Условий аренды сейфа. |
| **7. Сейфті жалдау шартының қолдану мерзімі және бұзу тәртібі** | **7. Срок действия и порядок расторжения Договора аренды сейфа** |

| | |
|---|---|
| 7.1. Сейфті жалдау шарты Банк Сейфті жалға беру туралы шартты акцепттеген күннен бастап күшіне енеді. Сейфті жалдау шарты Клиент пен Банк сол бойынша міндеттемелерін Сейфті жалдау шартында қарастырылған жағдайды қоспағанда, толық және тиісті орындаған сәтке дейін қолданылады.<br>7.2. Клиент Сейфті жалдау шарты бойынша орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда Сейфті жалдау шартын толық бұзуға құқылы, бұл жөнінде Банкке шартты бұзу болжанған күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша хабарлайды.<br>7.3. Банк бір жақты тәртіпте, Клиент Сейфті жалдау шартында қарастырылған міндеттемелерді бұзған жағдайда, егер басқа мерзім Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаса, бұзу болжанған күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Клиентке жазбаша хабарлай отырып, Сейфті жалдау шартын бұзуға құқылы.<br>7.4. Сейфті жалдау шартының бұзылуы Клиентті ол бұзылғанға дейін орын алған бұрмалаушылықтары үшін жауапкершіліктен босатпайды.<br><br>**8. Басқа талаптар**<br>8.1. Өзекті Сейфті жалдау талаптары Банк бөлімшелерінде шолу және танысу үшін жалпыға қолжетімді етіп орындарда және Банктің ғаламтор-сайтында орналастырылады. Банк бір жақты тәртіпте, Клиенттің қандай да бір келісімінсіз Сейфті жалдау талаптарын өзгертуге құқылы.<br>8.2. Банк пен Клиент арасында Сейфті жалдау шартын орындау барысында болған барлық дауларды олар өзара мүдделерді ескере отырып, келіссөздер жүргізу арқылы шешеді. Оған дауларды көрсетілген жолмен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Банктің қалауымен - Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша сот тәртібінде қаралуы тиіс.<br>8.3. Егер осындай даулар келіссөз жүргізу барысында реттелмесе, бұл даулар Банктің және/немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша сот тәртібінде қаралуы тиіс.<br>8.4. Банк пен Клиент арасындағы Сейфті жалдау шартымен реттелмеген қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. | 7.1. Договор аренды сейфа вступает в силу с даты акцепта Банком Договора о предоставлении сейфа в аренду. Договор аренды сейфа действует до момента полного и надлежащего исполнения обязательств Клиентом и Банком по нему, за исключением случаев, предусмотренных Договором аренды сейфа.<br>7.2. При отсутствии неисполненных или ненадлежащим образом исполненных обязательств по Договору аренды сейфа, Клиент имеет право полностью расторгнуть Договор аренды сейфа, письменно уведомив об этом Банк в срок не позднее, чем за 15 (пятнадцать) календарных дней до предполагаемой даты расторжения.<br>7.3. Банк имеет право в одностороннем порядке расторгнуть Договор аренды сейфа в случае нарушения Клиентом обязательств, предусмотренных Договором аренды сейфа, письменно уведомив Клиента в срок, не позднее, чем за 15 (пятнадцать) календарных дней до предполагаемой даты расторжения, если иной срок не предусмотрен законодательством Республики Казахстан.<br>7.4. Расторжение Договора аренды сейфа не освобождает Клиента от ответственности за его нарушение, имевшее место до его расторжения.<br><br>**8. Прочие условия.**<br>8.1. Актуальные Условия аренды сейфа размещаются Банком в общедоступном для обозрения и ознакомления месте в отделениях Банка и на интернет-сайте Банка. Банк вправе в одностороннем порядке без какого-либо согласия Клиента изменять Условия аренды сейфа.<br>8.2. Все споры, возникшие между Банком и Клиентом в процессе исполнения Договора аренды сейфа, решаются ими в ходе переговоров с учетом взаимных интересов. В случае невозможности решения возникших споров указанным путем они подлежат рассмотрению в суде по месту нахождения Банка или его филиалов – по усмотрению Банка.<br>8.3. Если такие споры не будут урегулированы в итоге переговоров, данные споры подлежат в судебном порядке по месту нахождения Банка и/или его филиала.<br>8.4. Отношения между Банком и Клиентом, не урегулированные Договором аренды сейфа, регулируются законодательством Республики Казахстан. |